

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал мұнай-газ саласы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 16 наурызда № 32078 болып тіркелді.

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал мұнай-газ саласы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өңдеу және өндіру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

Б. Акчулаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал мұнай-газ саласы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қарамағындағы террористік тұрғыдан осал мұнай-газ саласы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға "Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген талаптарды нақтылайды және қызметін мұнай-газ саласында жүзеге асыратын, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі орындалуы міндетті іс-шараларды анықтайды.

3. Осы Нұсқаулық "Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысына сәйкес мұнай-газ саласындағы қызметті жүзеге асыратын объектілерге қолданылады.

4. Нұсқаулықтың мақсаты террористік сипаттағы құқыққа қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу және жолын кесу үшін террористік тұрғыдан осал мұнай-газ саласы объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі салалық талаптарды айқындау болып табылады.

5. Террористік тұрғыдан осал объектілердің қорғалуын ұйымдастыру тәртібі мен қорғау жүйесі Қазақстан Республикасының терроризмге қарсы іс-қимыл, азаматтық қорғау, күзет қызметі, магистральдық құбырларды қорғауды ұйымдастыру саласындағы заңнамасына, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ осы Нұсқаулыққа сәйкес белгіленеді.

6. Осы Нұсқаулық салалық сипатқа ие және мынадай:

мұнай-газ саласының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иелері, басшылары, өзге де лауазымды және (немесе) жауапты тұлғалары) объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруда және қамтамасыз етуде мұнай-газ саласы объектілерін күзету жөнінде қызметтер көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің басшылары мен қызметкерлері;

уәкілетті органдар қызметкерлерінің терроризмге қарсы практикалық оқу-жаттығулар, жаттығулар мен эксперименттер өткізу, террористік тұрғыдан осал мұнай-газ саласы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде пайдалануына арналған.

7. Нұсқаулықтың талаптары құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды іске асыру жолымен бекітіледі және қолдау көрсетіледі, шаруашылық жүргізуші субъектілер (террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері) қабылдайтын нұсқаулықтарға енгізіледі және тиісті нұсқамалар жүргізу кезінде пайдаланылады.

8. Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) алғашқы ден қою шаралары – терроризм актісінің қатері немесе жасалғаны туралы уәкілетті мемлекеттік органдарды уақтылы хабардар етуге бағытталған, объект персоналы және күзет қызметі субъектісінің қызметкерлері қабылдайтын бірінші кезектегі іс-шаралардың, сондай-ақ терроризм актісінің ықтимал салдарын барынша азайту және жою (шұғыл (алғашқы) ден қою күштерінің алғашқы және тергеу әрекеттерін жүзеге асыруына көмек көрсету, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету, эвакуациялау және басқалары) жөніндегі іс-қимылдардың кешені;

2) аса қауіпті аймақ – терроризм актісі салдарынан қирауы объектінің қалыпты жұмыс істеуінің айтарлықтай бұзылуына, оның елеулі зақымдануына немесе ондағы аварияға әкеп соғуы мүмкін үй-жай, учаскелер және құрылымдық элементтер;

3) байланыс жүйесі – ақпаратты (ақпарат) беруге (алмасуға), объектінің күзет қызметінің жұмысын жедел басқаруға арналған техникалық құралдар мен арнайы бөлінген байланыс арналарының жиынтығы;

4) бақылау-өткізу пункті – адамдарды және көлік құралдарын бақылауды, өткізуді, тексеріп-қарауды қамтамасыз етуге арналған арнайы жабдықталған орын;

5) жарықтандыру жүйесі – тәуліктің қараңғы уақытында бейнебақылау жүйесі үшін жарықтандырудың қажетті деңгейін және объектідегі адамдар мен көлік құралдарын көруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар жиынтығы;

6) инженерлік-техникалық нығайтылу – объектіге не оның бөліктеріне санкциясыз енуге қарсы қажетті іс-қимылды қамтамасыз ететін құрылымдық элементтер, инженерлік, техникалық құралдар және (немесе) олардың жиынтығы;

7) күзет дабылы жүйесі – күзетілетін аймаққа (учаскеге) санкциясыз енуді, күзетілетін аймақ (учаске) тұтастығының бұзылуын анықтауға, күзетілетін аймақ (учаске) тұтастығының бұзылуы туралы ақпаратты берілген түрде жинауға, өңдеуге, беруге және ұсынуға арналған, бірге жұмыс істейтін техникалық құралдардың жиынтығы;

8) күзетілетін аймақ (учаске) – күзетілетін аумақ, сондай-ақ объектіде бөлінген аймақтар (учаскелер), ғимараттардың (құрылыстар мен құрылыс ғимараттарының) бөліктері, үй-жайлар және олардың құрылымдық элементтері;

9) кіруді бақылау және басқару жүйесі – кіруді бақылауға, объектіге және (немесе) оның жекелеген аймақтарына персонал мен келушілердің кіру және (немесе) шығу құқықтарын шектеуге, ақпаратты жинауға және сақтауға арналған, техникалық жағынан үйлесімді аппараттық құралдардың және (немесе) бағдарламалық қамтылымның жиынтығы;

10) кіруді шектеу құралдары – объектіге, оның ықтимал қауіпті учаскелеріне санкциясыз енуге кедергі келтіретін жабдық және (немесе) құралдар;

11) объектінің, оның ішінде оның жалға алынған алаңдарында қызметін жүзеге асыратын басшылары, жұмысшылары, қызметкерлері.

12) объектінің периметрі – құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы;

13) объектінің ықтимал қауіпті учаскелері – объектінің аумақтық бөлінген, жарылыс-өрт қаупі бар, қауіпті химиялық заттар, қару мен оқ-дәрілер, уытты заттар мен препараттар, технологиялық тізбектердің, жүйелердің, жабдықтардың немесе құрылғылардың элементтері қолданылатын, сақталатын немесе пайдаланылатын аймақтары (учаскелері), құрылымдық және технологиялық элементтері, объектінің қауіпті аймақтары, сондай-ақ объектідегі адамдар көп болуы, терроризм актісінің жасалуы өмір мен денсаулыққа залал келтіруі, аварияның, қауіпті әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соғатын төтенше жағдай қаупінің туындауы, кейіннен терроризм актісін жасауда пайдалану мақсатында қауіпті заттар мен материалдардың ұрлануы ықтимал орындар;

14) оқу (профилактикалық) іс-шаралары – персонал мен күзетті оқытудың алғашқы ден қою дағдыларын дарыту мақсатында нұсқамалар мен сабақтар түрінде жүзеге асырылатын алдын ала тәсілдері;

15) өткізу режимі – адамдардың санкциясыз кіруі (шығуы), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мүлікті кіргізу (шығару), әкелу (әкету) мүмкіндігін жоққа шығаратын, белгіленген тәртіпті регламенттейтін қағидалар жиынтығы;

16) таранға қарсы құрылғылар (бөгеттер) – көлік құралдарын мәжбүрлеп баяулатуға және (немесе) тоқтатуға арналған инженерлік-техникалық бұйымдар;

17) тексеріп-қарау жүйелері мен құралдары – тыйым салынған бұйымдар мен заттарды рұқсатсыз алып өтуді немесе алып жүруді анықтауға арналған техникалық және техникалық емес құралдардың жиынтығы;

18) телевизиялық күзет жүйесі – бұзушылықты анықтауға және тіркеуге арналған жабық үлгідегі телевизиялық жүйе болып табылатын бейнебақылау жүйесі;

19) терроризмге қарсы қорғалу паспорты – объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық мәліметтер қамтылатын, оның терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін көрсететін және террористік тұрғыдан осал объектідегі терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, барынша азайту және (немесе) салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған ақпараттық-анықтамалық құжат;

20) террористік тұрғыдан осал объектілер – ерекше маңызды мемлекеттік, стратегиялық қауіпті өндірістік объектілер, сондай-ақ стратегиялық маңызы бар экономика салаларының объектілері, адамдар жаппай жиналатын объектілер, терроризмге қарсы қорғанысты міндетті түрде ұйымдастыруды талап ететін күзетілетін объектілер;

21) террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы – объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық шаралар мен техникалық құралдар кешені;

22) хабардар ету жүйесі – террористік тұрғыдан осал объектідегі тұлғаларды төтенше жағдайлар (авария, өрт, дүлей апат, шабуыл, террористік акт) кезіндегі дабыл және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар туралы жедел хабардар етуге (жарықпен және (немесе) дыбыстық хабарлауға) арналған техникалық құралдар жиынтығы.

Нұсқаулықта пайдаланылатын өзге де анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

9. Террористік тұрғыдан осал мұнай-газ саласы объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру мақсаты (бұдан әрі – объектілер) терроризмге қарсы іс-қимыл және терроризм актісін жасауға кедергі келтіретін (объект аумағында терроризм актісін жасау тәуекелін төмендету) және объектілерде ықтимал террористік қатерлердің салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған жағдайлар жасау арқылы осы объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастырушылық, режимдік, күзет, профилактикалық, тәрбиелік, білім беру, техникалық және өзге де шаралар кешенін әзірлеу және енгізу болып табылады.

10. Терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету шаралары мынадай қағидаттарды ескере отырып іске асырылады:

1) өткізілетін іс-шаралардың күні бұрын (алдын ала) өткізілуі – террористік сипаттағы қатерлердің алдын алу және оларға ден қою, объектілерде терроризм актісінің қатерінен және (немесе) жасалуынан туындаған жағдай аяқталғаннан кейін

объектінің жұмысын қалпына келтіру жөніндегі нақты іс-қимылға басшыларды, қызметкерлерді, күзет қызметкерлерін даярлау жөніндегі объектілердегі іс-шараларды жоспарлау;

2) сараланған тәсіл – мұнай-газ саласы объектілерінің (жарылыс қаупі бар, газ қаупі бар) жұмыс істеу ерекшеліктерін есепке алуға, оларда тиісті материалдар мен заттарды (жарылғыш, ықтимал қауіпті химиялық заттар, иондандырушы және радиоактивті сәулелену көздері) сақтауға және пайдалануға, объектілердің орналасуына, объектілердің жұмыс режиміне бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

3) барабарлық – объектіде қолданылатын терроризмге қарсы іс-шаралардың неғұрлым ықтимал террористік қатерлердің сипаты мен ерекшелігіне, мұнай-газ саласы объектілері қызметінің жағдайларына (бағытына) сай болуы;

4) кешенділік – жоғарыда аталған қағидаттарға негізделген және уәкілетті органдардың аумақтық өкілдіктерін (оның ішінде терроризмге қарсы комиссияларды, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтарды), объектілер қызметкерлерін, объектілерді күзету қызметтерін қоса алғанда, барлық мүдделі тараптарды тарта отырып, объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдайлар жасауға және іс-шараларды іске асыруға бағытталған шаралар жиынтығы.

11. Мұнай-газ саласындағы террористік тұрғыдан осал объектілердегі террористік сипаттағы қатерлерге қарсы іс-қимыл терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау жолымен іске асырылады.

12. Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында мұнай-газ саласының шаруашылық жүргізуші субъектілері (объектілердің меншік иелері, иелері, басшылары немесе лауазымды адамдары):

1) терроризм актісін жасауға кедергі келтіруге (объектінің аумағында терроризм актісін жасау тәуекелін азайту):

террористік сипаттағы қауіп қатерлерді модельдеу және оларға ден қоюдың тиісті алгоритмдерін әзірлеуге;

істен шығуы оның жұмыс істеуінің бұзылуына әкелуі мүмкін, объектінің негізгі, неғұрлым осал учаскелерін (аймақтарын), жабдықтарын, технологиялық процестерін анықтауға (талдауға);

тиісті өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету, оларға қойылатын талаптарға сәйкес объектілерді заманауи инженерлік-техникалық жабдықтармен жарақтандыруға;

объектінің ақпараттық желілерін қорғауды ұйымдастыруға, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;

объектіні физикалық қорғаудың және инженерлік-техникалық нығайтудың тиімді жүйесін құруға және өзекті күйде ұстауға;

2) объектілердегі ықтимал террористік қатерлердің салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға;

объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспорты – паспорттары негізінде әзірлеуге;

өмір мен денсаулықты қорғау үшін білім алуға террористік тұрғыдан осал объектілердің қызметкерлерімен профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыруға;

терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша бірлескен іс-қимылдарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтармен қатысуға;

жасалған терроризм актісі туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдарын дереу хабардар етуге және персоналды эвакуациялауды қамтамасыз етуге;

техникалық күзет құралдарының инженерлік коммуникациялары мен кабельдік желілеріне уақтылы қызмет көрсету, күрделі жөндеу және жаңғырту;

объект персоналын терроризм актісін жасау (қауіп төндіру) кезіндегі іс-қимылдарға, персонал мен келушілерге оқыту, оларды эвакуациялау тәсілдері, құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасауға;

кажетті және жеткілікті кадрлық, қаржылық, материалдық және техникалық ресурстардың болуын қамтамасыз етуге бағытталған жағдай жасауды қамтамасыз етеді

бұйрықпен (меншік иесінің, иеленушінің, басшының немесе немесе объектінің өзге де лауазымды адамы) әрбір объектінің және (немесе) объектілер тобының терроризмге қарсы қорғалуына жауапты штаттық қызметкерлер қатарынан тұлға (-лар) айқындалады.

13. Мұнай-газ саласындағы террористік тұрғыдан осал объектілерде күзет қызметтерін көрсету туралы шарттар жасасқан күзет қызметінің субъектілері "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға және осы Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес мынадай міндеттерді орындайды:

күзет қызметі, терроризмге қарсы іс-қимыл, қару айналымы, дербес деректер мен коммерциялық құпияны қорғау саласындағы заңнаманы, террористік тұрғыдан осал объектілердің қорғалуын қамтамасыз ету мәселелерін регламенттейтін мұнай-газ саласының күзетілетін шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ішкі құжаттарын сөзсіз сақтаған кезде міндеттемелерді тиісінше орындау;

ғимараттардың, үй-жайлардың, құрылыстардың, коммуникациялардың, қорғалатын объектілер аумақтарының физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, терроризм актілерін қоса алғанда, құқық бұзушылықтардың, сондай-ақ өзге де санкцияланбаған әрекеттердің алдын алу және жолын кесу;

күзетілетін объектілердің персоналын, күзетілетін объектілерде тұрақты немесе уақытша тұрған адамдарды қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау;

тиісті өткізу және объектішілік режимді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындау, күзет персоналын үй-жайларды қарау техникасына оқыту, жарылғыш құрылғыларды салу мүмкін орындарын анықтау, терроризмге қарсы қорғаудың техникалық құралдарын тиісінше пайдалану бойынша профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын жүргізу;

мұнай-газ саласының күзетілетін шаруашылық жүргізуші субъектілері қызметкерлерінің өз қызметін жүзеге асыру процесінде оларға қолжетімді болған олардың жалға алушыларының, мердігерлері мен келушілерінің дербес деректері туралы мәліметтерді қоса алғанда, жұмыс процесінде алынған мәліметтер мен құжаттамалық материалдардың құпиялылығын және сақталуын қамтамасыз ету;

қорғалатын объектіге зиян келтіруге ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ оның келтірілуіне қатысы бар адамдарды анықтау;

қызметтердің тиісінше көрсетілмеуі салдарынан келтірілген залалды өтеу.

13.1 Террористік тұрғыдан осал объект бойынша күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектісінің осы Нұсқаулықтың 13-тармағында көзделген объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

14. Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы қамтамасыз ету шаралары қолданыстағы қаржылық, адами, уақытша және басқа ресурстарды ескере отырып іске асырылады. Бірінші кезекте ресурстардың ең аз шығындары кезінде олардың қауіпті аймақтарына қатысты террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының тиімділігін барынша арттыруға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуда.

2-тарау. Өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

1-параграф. Өткізу және объектішілік режимдердің мақсаты.

15. Физикалық қауіпсіздікті және терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мұнай-газ саласының шаруашылық жүргізуші субъектісі (меншік иесі, иесі, басшысы) өз қызметінің ерекшелігі мен өзгешеліктерін ескере отырып, террористік тұрғыдан осал объектіде тиісті өткізу және объектішілік режимдерді белгілейді.

16. Өткізу және объектішілік режимдер:

объектідегі адамдардың қауіпсіздігін;

объект және оның периметрі шегінде орналасқан өзге де ұйымдар қызметінің белгіленген тәртібін сақтауды (бар болса);

жұмыскерлер мен келушілерді объектіге жіберу, сондай-ақ көлікке кіру/шығу рәсімдерін сақтауды;

атыс қаруын, суық қаруды және өзге де қаруды, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды, еркін айналымға тыйым салынған басқа да заттар мен заттарды объектіге әкелуді/әкелуді (әкетуді/әкетуді) болғызбауды;

объектінің материалдық, ақпараттық және басқа ресурстарының сақталуын, оларды ұрлау фактілерінің алдын алу және жолын кесу, мұнай-газ саласының шаруашылық жүргізуші субъектісі мен оның қызметкерлерінің мүдделеріне қатысты өзге де құқыққа қайшы көріністерді;

объектіге рұқсатсыз кірудің, объектіге кірудің/шығудың және одан шығудың алдын алу, объект бойынша бөгде адамдардың және автокөліктің бақылаусыз жүріп-тұру мүмкіндігін болдырмауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешу үшін белгіленеді.

17. Өткізу және объектішілік режимдер мыналарды көздейді:

персоналды, ғимараттарды, үй-жайларды және аумақты физикалық қорғауды қамтамасыз ету;

объектіні инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жарақтандыру;

бақылау-өткізу пунктін ұйымдастыру және өткізу бюросының жұмысы (қажет болған жағдайда);

иеленушілерге объектіге өту/кіру, сондай-ақ тауарлық-материалдық құндылықтарды енгізу/шығару құқығын беретін рұқсаттамалардың әртүрлі түрлерін енгізу;

өткізу құжаттарын есепке алу, беру, ауыстыру, қайтару және жою тәртібін анықтау; тізбенің анықтамасы:

а) объектіге кіру / кіру құқығы бар адамдар;

б) тиісті режимдерді сақтауға және белгіленген үлгідегі өткізу құжаттарын беру туралы шешімдер қабылдауға жауапты уәкілетті бөлімшелер мен қызметкерлер;

в) объектіге әкелуге (тасымалдауға) тыйым салынған заттар мен заттар;

рұқсаты шектеулі құпия және өзге де құжаттармен жұмыс істеуге арналған үй-жайларға жіберілген адамдар тобын шектеу;

ішкі тәртіп талаптарының, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларының сақталуын бақылау.

18. Өткізу және объектішілік режимдердің белгіленген талаптары міндетті түрде объектіде орналасқан және жұмысқа тартылатын қызметкерлерге, жалға алушыларға,

мердігер (қосалқы мердігер) ұйымдарға және олардың қызметкерлеріне жеткізіледі және тиісті шарттарда ескертіледі.

19. Өткізу және объектішілік режимдердің талаптары мұнай-газ саласының шаруашылық жүргізуші субъектісінің барлық қызметкерлері, жалға алушылар, мердігер (қосалқы мердігер) ұйымдар, объектіде террористік тұрғыдан осал жұмыстарды орындайтын адамдар, сондай-ақ оған келушілер үшін міндетті.

20. Өткізу және объектішілік режимдердің талаптары олармен еңбек шарттарын жасасу кезінде террористік тұрғыдан осал объектінің қызметкерлеріне; келушілерге және объектіде тұрақты немесе уақытша болатын өзге де адамдарға – өткізу құжаттарын ресімдеу сәтінде міндетті түрде жеткізіледі.

21. Өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету үшін:

объект күзетілетін (қорғалатын) объектіге рұқсатсыз кіруді анықтау мен алдын алуға және өрт пен күзет дабылы, кіруді бақылау мен басқару, бейнебақылау жүйелерін қамтитын мүлікті қорғауды қамтамасыз етуге арналған инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жабдықталады;

шартта объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі күзет ұйымының жауапкершілігі мен міндеттері міндетті түрде бекітіле отырып, объектінің күзет бөлімшелерінің жұмысын, объектінің физикалық қауіпсіздігін және терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ететін күзет ұйымымен шарт жасалады;

техникалық-техникалық күзет құралдарының, күзет дабылы, кіруді бақылау және басқару, бейнебақылау жүйелерінің, объектінің қауіпсіздігін және терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ететін өзге де жүйелердің (инженерлік-техникалық күзет құралдарына қызмет көрсетуді компанияның штаттық мамандары жүргізетін объектілерді қоспағанда) жұмысын қамтамасыз ететін ұйымдармен шарттар жасалады.

22. Жағдайға байланысты төтенше жағдайлар мен оқиғалар туындаған жағдайларда мұнай-газ саласының шаруашылық жүргізуші субъектісі өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз етудің қосымша жедел (шұғыл) шараларын енгізе алады.

23. Өткізу және объектішілік режимдер объектіге тұтастай, сондай-ақ оның жекелеген корпустары, ғимараттары, цехтары, бөлімдері, зертханалары, қоймалары және басқа да үй-жайлары бойынша белгіленеді.

2-параграф. Объектілер қызметінің сипаты мен ерекшеліктерін ескере отырып, өткізу режимін ұйымдастыру ерекшеліктері

24. Объектіде объектінің ерекшелігіне сәйкес келетін өткізу режимі белгіленеді, ол оның персоналы мен келушілерінің қауіпсіздік деңгейін арттыруға ықпал етеді.

25. Өткізу режимі, қажет болған жағдайда, объектінің ықтимал қауіпті учаскелері мен қауіпті аймақтарына (олар болған кезде) кіруді шектеу мақсатында объектіні

аймақтарға бөлуді көздейді. Объектінің қауіпті аймақтарының және ықтимал қауіпті учаскелерінің болуына байланысты объектіні кіруді бақылау және басқару жүйесімен жарақтандыру қажет болған жағдайда үш негізгі кіру аймағында жүргізіледі:

бірінші аймақ – қызметкерлер мен келушілерге кіруге шектеу қойылмаған ғимараттар, аумақтар, үй-жайлар;

екінші аймақ – персоналдың шектеулі құрамына, сондай-ақ объектіге келушілерге біржолғы рұқсаттамалар бойынша немесе объект персоналының сүйемелдеуімен кіруге рұқсат етілген үй-жайлар;

үшінші аймақ – қатаң айқындалған қызметкерлер мен басшылар кіре алатын объектінің арнайы үй-жайлары.

26. Объект ішіндегі аймақтардың аражігін ажырату қауіп-қатерді, осалдықты, тартымдылықты және қатерді іске асыру кезіндегі салдарларды ескере отырып алынған тәуекелдерді бағалау негізінде объект иесінің шешімімен айқындалады.

27. Адамдарды кіру аймақтарына өткізу жүзеге асырылуы мүмкін:

бірінші кіру аймағында сәйкестендірудің бір белгісі бойынша;

екінші кіру аймағында сәйкестендірудің екі белгісі бойынша;

үшінші кіру аймағынд – объект иесінің шешімі бойынша сәйкестендірудің екі және одан да көп белгілері бойынша.

3-параграф. Өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі іс-шаралар

28. Террористік тұрғыдан осал объектілерге персоналдың/келушілердің кіруі міндетті түрде объектінің күзет бөлімшесі тарапынан келушілердің құжаттарын тексеруден өтіп, объектінің бақылау-өткізу пункттері арқылы жүзеге асырылады.

29. Құқық беретін құжатпен:

жұмысшылардың, қызметшілердің және басқа да адамдардың объектінің аумағына (аумағынан) кіруі (шығуы) өткізу (электрондық);

мүлікті, құндылықтар мен жүктерді шығару (әкету) - материалдық өткізу (электрондық жол беріледі) болып табылады.

30. Автокөлік құралдарының террористік тұрғыдан осал объектілердің аумағына кіруі көлік рұқсаттамасы немесе террористік тұрғыдан осал объектінің басшысы немесе оның уәкілетті тұлғасы бекіткен басқа рұқсат құжаты негізінде жүзеге асырылады.

31. Рұқсаттамалар мен жүкқұжаттар үздіксіз және міндетті есептілік құжаттары болып табылады, оларды беру, есепке алу және есептен шығару террористік тұрғыдан осал объектілердің ішкі рәсімдеріне сәйкес белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

32. Жарамдылық мерзімі бойынша кіру (шығу) құқығына рұқсаттамалар тұрақты және уақытша болып бөлінеді. Сыртқы түрі бойынша олар бір-бірінен ерекшеленеді.

33. Өткізу режимі шеңберінде кіруді бақылау және басқару жүйесінің, тексеру жабдығының және басқа да техникалық құралдардың мүмкіндіктері пайдаланылады.

34. Бақылау-өткізу пунктіндегі күзет персоналы мынадай құжаттаманы пайдаланады:

объектіні күзету қызметкерінің лауазымдық нұсқаулығы;

өткізу және объектішілік режимдер, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасы, төтенше жағдайларда объектінің лауазымды адамдары мен персоналының іс-қимылдары, күзеттің техникалық құралдарын пайдалану жөніндегі қағидалар (нұсқаулық) (объектінің сипатына қарай жекелеген ұйымдастыру құжаттарын біртұтас етіп біріктіруге жол беріледі);

материалдық-жауапты және оларға қол қоюға уәкілеттік берілген өзге де адамдардың рұқсаттамаларының, жүкқұжаттарының, қолдарының үлгілері, мөрлердің, пломбалардың, мөртабандардың бедерлері (қолданылатын жерде);

кіруді бақылаудың электрондық жүйесі болмаған жағдайда келушілерді және автокөлікті тіркеу журналы; әкетілетін (әкелінетін), шығарылатын (енгізілетін) тауар-материалдық құндылықтардың жүкқұжаттарын есепке алу журналы;

күзет қызметкерлерінің қауіпсіз қозғалыс бағытын көрсете отырып, объектінің аумағында қорғалатын оқшауланған үй-жайлардың орналасу жоспары-схемасы;

кезекші қызметтердің, орталық және көрші бекеттердің, объектінің және күзет бөлімшесінің басшыларының телефондарының тізімі.

35. Террористік тұрғыдан осал объектіде кезекшілік атқаратын күзет қызметкері лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген функционалдық міндеттерді білуге және террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғауын ұйымдастыру бойынша "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және осы Нұсқаулықта көзделген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтай отырып, өткізу режимінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету бөлігіндегі міндеттемелерді орындауға міндетті.

36. Бақылау-өткізу пунктіндегі күзет бөлімшелері жеке заттарды қарап-тексеруді жүргізуге, өткізу режимін бұзушылардың өтуіне жол бермеуге, тыйым салынған заттарды әкелуді/әкетуді (әкелуді/шығаруды) бақылауға, күзет, күзет-өрт және дабыл дабылы аспаптарының, бақылау-өткізу пунктінде орнатылған күзет теледидары элементтерінің жұмысын бақылауға жауапты.

4-параграф. Террористік тұрғыдан осал объектілерді ұйымдастыруға және оларды қорғау тәртібіне қойылатын жалпы талаптар

37. Күзетілетін объектілерді тексеру нәтижелерін, олардың жұмыс істеу ерекшеліктерін ескере отырып, объектінің әкімшілігі (объектінің жауапты лауазымды адамдары) күзет ұйымымен бірлесіп объектіні күзету және қорғау жөніндегі міндеттерді орындау үшін күштер мен құралдар жиынтығын қамтитын объектіні күзету жүйесін айқындайды.

38. Объектілерді күзету жүйесі олардың технологиялық ерекшеліктеріне, жарақтандыру деңгейіне, күзеттің инженерлік-техникалық құралдарына, олардың қоршаған ортасындағы жағдайға сәйкес келуі және қолда бар күзет күштері мен құралдарын және күзеттің инженерлік-техникалық құралдарын неғұрлым тиімді және экономикалық ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

39. Объектілерді күзету жүйесі эшелондалған: периметрі бойынша күзет аймағында, бақылау-өткізу пунктінде және объектінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін неғұрлым маңызды өндірістік осал учаскелерде объектілерге жақындау жолдарында салынады.

40. Объектіні күзету жүйесіне байланысты құқыққа қарсы қол сұғушылықтар мен терроризм актілерін қоса алғанда, объектіні және оның физикалық қауіпсіздігін рұқсатсыз әрекеттерден қорғау тактикасы (тәсілі) мынадай тәсілдермен айқындалады: аумақты күзету, патрульдеу (жаяу, автомобильмен және көліктің өзге де түрлерімен), күзетудің инженерлік-техникалық құралдарының көмегімен, қарауыл иттерін пайдалана отырып, құрама, яғни бірнеше тактиканы қолдану.

41. Объектілердің әртүрлі түрлерінің санаты мен жұмыс істеу ерекшеліктерін, олардың қауіпті аймақтарын, белгіленген қауіптерді және бұзушы модельдерін, объектіде технологиялық және басқа да қауіпсіздік түрлерін қамтамасыз ету жөнінде қабылданған шараларды ескере отырып, оларды қорғау үшін қажет болған жағдайда бекеттердің мынадай түрлері қолданылады:

қорғалатын объектіге (әкімшілік ғимаратқа, өндірістік учаскеге немесе аумаққа) кіре берісте (шығуда), өткізу режимін қамтамасыз ету, белгілі бір ауданда (жергілікті жерде) көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысын шектеу үшін қойылатын бақылау-өткізу пункті;

бір оқшауланған объектіде не ашық алаңда немесе қоршалған аумақта бірнеше объектілерде, оларды айналып өтудің жалпы ұзақтығы 100 м аспайтын жағдайда стационарлық бекет;

айналып өту жолымен бір немесе бірнеше объектілерді күзетуге арналған айналып өту бекеті;

объектіден немесе объектілерден ақпаратты бақылауды және жинауды жүзеге асыру үшін ТҚҚ кешені орнатылған үй-жайда қойылатын техникалық бекет (орталықтандырылған техникалық бекет);

жергілікті жердің белгілі бір учаскелерінде, оның ішінде магистральдық құбырлардың/кен орындарының/объектілердің күзет аймақтарында оларды мерзімді тексеру, күзетті қамтамасыз етуге шаралар қабылдау және оларға қатысты санкцияланбаған іс-қимылдары әрекеттерінің жолын кесу мақсатында патрульдеуді жүзеге асыратын мобильдік топ;

режимдік және өзге де үй-жайлардың дабылы іске қосылған кезде және жедел жағдай күрделенген кезде кешенді күштер, оның ішінде құқық қорғау органдары келгенге дейін кідіріссіз ден қоюға арналған жедел ден қою тобы.

42. Күзет қызметі субъектілеріне қойылатын талаптар, лицензиялау, объектінің күзет бөлімшелерінің саны, қару-жарақ пен арнайы және қосалқы құралдармен жарақтандыру Қазақстан Республикасының заңнамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған нормативтер негізінде белгіленеді және олардан аспауға тиіс.

43. Алуан түрлі объектілердің жұмыс істеу ерекшеліктеріне және белгіленген күзет жүйесінің ерекшеліктеріне қарай объектінің күзет бөлімшелерінің персоналы қызметтік тегіс ұңғылы ұзын ұңғылы және қысқа ұңғылы қарумен, оқталмаған атыс қаруымен, жарақаттық әрекетті патрондармен және электр қарумен ату мүмкіндігі бар газ қаруымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының күзет қызметі және күзет қызметі саласындағы заңнамасында белгіленген шарттарда және нормалар бойынша арнайы құралдармен қарулануы мүмкін. қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау.

44. Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған жағдайларда күзет ұйымы магистральдық құбыржолдар, өндіру (кен орындары) және мұнай-газ өңдеу өндірісі объектілерінде қызметтік ойық ұзын ұңғылы және қысқа ұңғылы қаруды пайдалана алады.

45. Функцияларды орындау және персоналды жедел басқару үшін объектінің күзет бөлімшелері аталған байланыс және хабарлау құралдарының кем дегенде біреуімен жарақтандырылады:

- қалалық телефон байланысы (жалпыға ортақ телефон желісі);
- объектінің ішкі телефон байланысы;
- күзет бекеттері арасындағы тікелей телефон байланысы;
- радиобайланыс және дербес радиобайланыс құрылғылары.
- ұялы байланыс.

46. Қызмет өткеру шарттарына сүйене отырып, объектінің күзет бөлімшелері қосымша көмекші құралдармен жарақтандыруға құқылы:

- көліктің әртүрлі түрлері мен өтімділігі;
- бинокльдер, түнгі көру құралдары/тепловизорлар және сол сияқтылар;
- аккумулятор батареямен жұмыс істейтін алып жүретін электр шамдары;
- әртүрлі типтегі металл детекторлар, қаруды, жарылғыш заттар мен құрылғыларды, радиоактивті, химиялық және өзге де улы заттарды анықтау детекторлары (арнайы құралдар);

қосымша жабдықтар (плащ-шапандар /шағылыстыратын көкірекшелер/дулыға).

47. Күзет қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін күзет ұйымының ішкі құжаттарында мыналар көзделеді:

басқару нысандары мен әдістері;
күзетілетін объектілерде күзет қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі;
объектілерде қызмет өткеруді ұйымдастыру, тәртібі мен шарттары;
күзет ұйымының қолда бар кезекші бөлімдерінің және оның өңірлік бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру;

күзет персоналының күзетілетін объектілердің қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі құқықтары мен міндеттері;

төтенше жағдай туындаған кезде күзет персоналының іс-қимылы;
объектілерді күзетке қабылдау тәртібі және объектілерді күзеттен алу тәртібі;
тауар-материалдық құндылықтары сақталған объектілерді күзетке қабылдау тәртібі, оларды алу тәртібі;

күзет ұйымының күзетілетін объектілердің әкімшілігімен, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

күзетілетін объектінің әкімшілігімен келісілген, өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету, объектілерге енгізілетін және одан шығарылатын адамдарды, жеке заттарды, өнімдер мен құралдарды, автомобиль және көлік құралдарының өзге де түрлерін қарап-тексеруді жүргізу кезіндегі күзет персоналының іс-қимылын регламенттейтін нұсқаулық;

объектілердің әртүрлі түрлерін күзету кезінде қызмет атқару тактикасы (тәсілдері) (тасымалданатын магистральдық және өзге де құбырлардың стационарлық, желілік бөлігі және тағы басқа);

күзет персоналының қызмет атқаруын бақылауды ұйымдастыру;

күзет қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету;

объектілердің қауіпсіздігі мен күзетін қамтамасыз етуге бағытталған күзет персоналының ұйымдастырушылық-практикалық шаралары мен іс-қимылдарын жасау.

48. Қойылған бекеттердің түрлері және объектілерді күзету тәсілдері, күзет персоналы орындайтын міндеттерге, құқықтар мен міндеттерге, объектінің күзет бөлімшелерін материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар күзет қызметтерін көрсету туралы жасалатын шарттарда және уағдаласушы тараптардың жауапты (жазбаша өкілеттіктері бар) өкілдері қол қоятын және мөрлермен бекітілетін күзет бекеттерін қою актілерінде көрсетіледі.

3-тарау. Профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

1-параграф. Профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар

49. Мұнай-газ секторы объектілерінде профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын жүргізудің мақсаты оларға терроризм актілерін жасау мүмкіндіктерінің

алдын алуға және жолын кесуге бағытталған шараларды қамтамасыз ету, сондай-ақ персоналды, күзет қызметкерлерін терроризм актілерін жасау немесе жасау қаупі төнген жағдайлардағы іс-әрекеттерге, оның зардаптарынан қорғау тәсілдеріне, объектіден қауіпсіз және уақтылы эвакуациялауға, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуден кейін террористік сипаттағы қауіп-қатерден туындаған жағдайды аяқтау.

50. Меншік нысанына қарамастан, мұнай-газ саласындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің иелері, басшылары немесе лауазымды адамдары террористік тұрғыдан осал объектілерде оның персоналымен профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастырады.

51. Террористік тұрғыдан осал объектілер бойынша күзет қызметтерін көрсету туралы шарттар жасасқан күзет қызметінің субъектілері террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға және осы Нұсқаулыққа сәйкес өз персоналымен оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді орындайды.

52. Дайындықтың тиісті деңгейін ұстап тұру мақсатында күзет ұйымдарының қызметкерлерімен, меншік иелерімен, иелерімен, басшыларымен, жауапты лауазымды тұлғаларымен, террористік тұрғыдан осал объектілердің персоналымен тақырыптық оқу-жаттығу іс-шаралары ұйымдастырылады.

53. Оқу-жаттығу іс-шаралары террористік тұрғыдан осал объектілердің, күзет ұйымдарының, күзеттің техникалық құралдарына қызмет көрсететін ұйымдардың персоналын құқыққа қарсы қол сұғушылықтар, оның ішінде террористік сипаттағы қол сұғушылықтар жасау/қауіп төндіру жағдайларындағы іс-қимылдарға, олардың алдын алу және жолын кесу, олардың зардаптарынан қорғау, объектіден қауіпсіз және уақтылы эвакуациялау тәсілдеріне және өзге де қажетті дағдыларға оқытуды қамтамасыз етеді.

54. Оқу-жаттығу іс-шараларының тақырыбы осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес сабақ тақырыптарының нұсқаларын қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

55. Террористік тұрғыдан осал объектілерде жүргізілетін оқу-жаттығу және профилактикалық іс-шаралардың тәртібі, кезеңділігі, тақырыбы мен нысандары, эксперименттерді қоса алғанда, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғауын ұйымдастыруға қойылатын қолданыстағы талаптарға сәйкес айқындалады.

56. Өткізу сипаты мен уақыты бойынша оқу-жаттығу іс-шаралары жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді.

57. Жоспардан тыс іс-шараларды қоспағанда, оқу-жаттығу іс-шараларының кезеңділігін объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз етуге қатысатын тартылатын күзет және өзге де ұйымдармен келісім бойынша террористік тұрғыдан осал объектілердің әкімшілігі оларды өткізудің жыл сайынғы жоспарлары/графиктері негізінде айқындайды, онда мыналар көрсетіледі:

Оқу-жаттығу іс-шарасының тақырыбы;
объектінің атауы, өткізілетін күні мен уақыты;
қатысушылар құрамы;
қатысушыларға арналған кіріспе тапсырмалар.

58. Жоспардан тыс оқу-жаттығу іс-шаралары, сондай-ақ олардың мазмұны оларды өткізу қажеттілігін тудырған себептер мен жағдайларға байланысты әрбір нақты жағдайда айқындалады.

59. Нұсқама түріндегі практикалық және теориялық оқу-жаттығу іс-шаралары жеке не топтық нысанда өткізіледі, оқу жаттығулары (оқу-жаттығу сабақтары) не оқу-жаттығулар бір үлгідегі объектілердің қызметкерлер тобымен өткізіледі.

60. Жоспарлы нұсқама жылына кемінде бір рет немесе жұмыс әдісіне (вахталық, ауысымдық, маусымдық) байланысты екі жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Жоспарлы нұсқама жеке немесе қызметкерлер тобы үшін жүргізіледі.

61. Жоспардан тыс нұсқаманы объектілердің меншік иелері, иелері, басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары, күзет қызметі субъектілерінің басшылары не өткізілетін оқу-жаттығуларға, жаттығуларға және эксперименттерге тартылған мемлекеттік органдардың өкілдері өткізеді:

объект орналасқан аймақта террористік қауіптілік деңгейін енгізу туралы заң;
терроризм актісін ықтимал жасау қаупі туралы ақпараттың болуы;
оқу-жаттығуларға, жаттығуларға, эксперименттерге дайындық;
күзет іс-шараларын өткізуге дайындық.

62. Нұсқама барысында персоналға объект үшін террористік қатерлердің неғұрлым ықтимал сипаты мен ерекшелігі және олар туындаған кездегі мінез-құлық қағидалары, салдарды азайту және жою тәсілдері жеткізіледі.

63. Жоспардан тыс нұсқаманың мазмұны оны жүргізу қажеттілігін тудырған себептер мен жағдайларға байланысты әрбір нақты жағдайда айқындалады.

64. Нұсқамалар ішкі және сыртқы коммуникациялар арналары арқылы презентацияларды, жадынамаларды, слайдтарды, оқу бейнематериалдарын, арнайы оқыту бағдарламаларын және тағы басқаларын көрсету және тарату арқылы жеке форматта және қашықтықтан өткізіледі.

2-параграф. Оқу-жаттығу сабақтарын /оқу-жаттығуларды/эксперименттерді ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері

65. Оқу-жаттығу сабақтарының / оқу-жаттығулардың / эксперименттердің негізгі мақсаттары:

– персоналдардың тиісті дағдыларды игеруі және штаттан тыс жағдайларда әрекет етуге дайындығы;

қызметкерлердің ойлауын, бастамасын, тәуелсіздігін және нақты жағдайды дұрыс бағалау, шешім қабылдау және оларды тез жүзеге асыру қабілетін дамыту;

терроризм актілерін қоса алғанда, құқыққа қарсы қол сұғушылықтар жасау, олардың алдын алу кезінде кешенді күштер жүйесіне тартылған бөлімшелердің (қауіпсіздік қызметтері мен объект персоналы, күзет ұйымдары, ішкі істер бөлімі, ұлттық қауіпсіздік комитеті, төтенше жағдайлар министрлігі және тағы басқа) өзара іс-қимылын жетілдіру;

кезекші қызметтердің жедел тиімділігін арттыру;

өзектілігін, хабарлау схемаларын және басқа да ұйымдастыру құжаттарын тексеру.

66. Оқу-жаттығу сабақтарына /оқу-жаттығуға дайындық кезеңінде оларды өткізу жоспары жасалады, онда өткізілетін уақыты мен орны, оқу-жаттығу сабақтарының /оқу-жаттығулардың басшысы, қатысушылардың құрамы, міндеттері мен іс-әрекеттері, болжамды шешімдер және оқуды материалдық-техникалық қамтамасыз ету көрсетіледі. Жоспарға қоса берілетін кіріспе міндеттер әзірленуде.

67. Өткізудің мазмұнына, ауқымына және тәсілдеріне қарамастан, оқу-жаттығулар нақты жағдайға барынша жақын жағдайда өткізіледі. Оқу-жаттығу сабақтарын /оқу-жаттығуларды өткізу барысында жаңа кіріспе тапсырмаларды беру арқылы жағдай күрделене түсуі мүмкін. Қатысушылардың алдында тұрған міндеттерді дамыту және қиындату мақсатында оқу-жаттығу сабақтарының /оқу-жаттығулардың басшысы тиісті жедел жоспарларды қолданысқа енгізу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

68. Оқу-жаттығу сабақтарының /оқу-жаттығудың соңғы кезеңінде міндетті түрде оның талдауы жүргізіледі, оның барысында бағаланады:

қатысушылардың іс-қимылдары, келіп түскен сигналдарға және кіріспе сигналдарға жауап беру жеделдігі;

қолда бар күштер мен құралдарды қолданудың штаттық нұсқасын қолдану;

қатысушылардың қиын жағдайларда практикалық мәселелерді жедел шешуге дайындығы және әрекет ету қабілеті;

жабдықтың тартылған күштер мен құралдардың белгіленген талаптарға сәйкестігі.

69. Қатысушыларға оқу-жаттығу сабақтары /оқу-жаттығу барысында жіберген қателіктерін түсіндіруге ерекше назар аударылады.

70. Эксперименттер жүргізу эксперименттерге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тараптармен алдын ала келісілген террористік қатер туындаған кезде объектінің қауіпсіздігін және терроризмге қарсы қорғанысын бірінші кезектегі іс-қимылдарға қамтамасыз ететін, тексерілетін объектіде террористік тұрғыдан осал, объектінің меншік иелерінің, басшылары мен лауазымды адамдарының, қауіпсіздік, күзет және өзге де ұйымдардың персоналдарының дайындығы, террористік тұрғыдан осал болып табылатын күзет-режим шараларын бағалау мақсатында терроризмге қарсы күрес жөніндегі республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және теңіз жедел штабының қамқорлығымен жүзеге асырылады.

71. Терроризмге қарсы қорғаныстың анықталған бұзушылықтары және эксперимент нәтижелері акт түрінде ресімделеді.

3-параграф. Профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шараларын құжаттандыру

72. Оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу туралы оқу-жаттығу іс-шараларын есепке алу журналына немесе электрондық тіркелімге жазу жүргізіледі, онда:

Оқу-жаттығу іс-шарасын өткізу күні;

Оқу-жаттығу іс-шарасының түрі;

сабақ тақырыбы, оқу сұрақтары (оқу-жаттығу сабағы немесе оқу үшін);

қатысқан қызметкерлердің саны;

оқу-жаттығу іс-шарасын өткізетін не ұйымдастыруға жауапты адамның тегі, аты (әкесінің аты бар болса) және лауазымы;

оқу-жаттығу іс-шарасын өткізетін не ұйымдастыруға жауапты адамның қолы;

оқу-жаттығу іс-шарасына қатысушының қолы (нұсқау беру кезінде).

73. Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын жүргізуді есепке алу журналы уәкілетті орган бекіткен терроризмге қатысты осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын қолданыстағы талаптарға сәйкес ресімделеді.

74. Нұсқамалар мен сабақтар өткізу туралы осы Нұсқаулыққа № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша терроризмге қарсы қорғау жөніндегі оқу-жаттығу іс-шараларын есепке алу журналына жазу жүргізіледі.

75. Қатысушылар саны көп (20 адамнан астам) оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу кезінде оларды құжаттау хаттама немесе анықтама түрінде, оның ішінде электрондық түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

76. Оқу-жаттығу сабақтары /оқу-жаттығу нысанында өткізілетін оқу-жаттығу іс-шараларының қорытындылары бойынша жіберілген кемшіліктерді, қателіктерді талқылай отырып және оларды жоюға практикалық шаралар қабылдай отырып, әрбір қатысушының іс-әрекетіне талдау жүргізіледі.

4-тарау. Террористік көріністерге ден қою, жасалған терроризм актісі нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

1-параграф. Объектіде терроризм актісін дайындау немесе жасау туралы хабарлама алған кезде объектілердің меншік иелерінің, иелерінің, басшыларының іс-қимыл тәртібі

77. Террористік көріністерге ден қою мәселелері бойынша өзара іс-қимыл міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және Ұлттық

қауіпсіздік органдарын терроризм актілерін дайындау фактілері мен белгілері туралы уақтылы хабардар ету және оларға жол бермеуге бағытталған шараларды іске асыру болып табылады.

78. Объектіге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан объектілердің басшылары, меншік иелері, күзет қызметі субъектілерінің басшылары терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатеріне ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету шеңберінде алғашқы ден қою алгоритмдерін әзірлейді:

1) терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі туралы Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарын дереу хабардар ету бойынша;

2) ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарынан терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі туралы ақпарат алған кезде;

3) аумақтық ішкі істер органдарын ұрлау, қызметкерлердің, күзет қызметкерлерінің қолдан жасалған жарылғыш құрылғыларды дайындауға арналған бөлшектерді заңсыз сатып алуы, сондай-ақ оларды сақтау орындары туралы белгілі болған фактілер туралы уақтылы хабардар ету.

79. Терроризм актісін жасау кезінде немесе оны жасау қаупі туралы объектілердің басшылары, қызметкерлері, күзет қызметкерлері осы Нұсқаулыққа 3-қосымшада ұсынылған терроризмге қарсы қауіпсіздік мәселелері бойынша профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шаралары тақырыптарының нұсқаларына сәйкес аумақтық ұлттық қауіпсіздік органдарын, ішкі істер органдарының бөлімшелерін және мүдделі тұлғаларды хабардар етеді.

80. Ақпарат беру кезінде терроризм актісінің жасалғаны немесе оның жасалу қаупі туралы алынған мәліметтер, объектінің атауы мен мекенжайы, оқиға болған уақыты, зардап шеккендердің болуы, олардың орналасқан жері мен жай-күйі, хабарламаны беретін адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) және ол атқаратын лауазымы көрсетіледі.

81. Террористік қауіптіліктің белгіленген деңгейіне сәйкес террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иелері, иелері, басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары мынадай қауіпсіздік шараларын қолданылады:

1) террористік қауіптіліктің "сары" деңгейінде:

объектідегі өткізу режимін күшейту;

қауіпсіздік, хабардар ету, бейнебақылау және күзет дабылы жүйелерінің жұмыс істеу қабілетін тексеру және қамтамасыз ету;

қажет болған жағдайда арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, келушілерді, персоналды және көлік құралдарын тексеру;

тиісті салада алынған ақпаратқа байланысты мамандарды тарта отырып, күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілеріне, дағдарыс

жағдайларын оқшаулау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын объектілердің персоналына, қызметшілері мен жұмыскерлеріне нұсқама беру;

терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі төнген кездегі іс-әрекеттер бойынша персоналмен оқу-жаттығу іс-шараларын өткізу;

эвакуацияланған адамдардың уақытша орналасқан жерлерін, материалдық құндылықтар мен құжаттаманы анықтай отырып, объектілерді шұғыл эвакуациялау мәселелерін пысықтау;

2) террористік қауіптіліктің "қызғылт сары" деңгейі кезінде (террористік қауіптіліктің "сары" деңгейін белгілеу кезінде қабылданатын шаралармен қатар):

терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтармен бірлескен іс-қимылдарды пысықтау;

дағдарыс жағдайларын оқшаулау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын объектілердің күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерін, персоналын, қызметшілері мен қызметкерлерін жоғары даярлық режиміне келтіру;

қажет болған жағдайда, қауіпті өндірістік объектілердің қызметін және күзет қызметін тоқтата тұру;

3) террористік қауіптіліктің "қызыл" деңгейін белгілеу кезінде (террористік қауіптіліктің "сары" және "қызғылт сары" деңгейлерін енгізу кезінде қолданылатын шаралармен қатар):

адамдарды құтқару бойынша шұғыл шаралар қабылдау, құтқару қызметтері мен құралымдарының үздіксіз жұмысына жәрдемдесу;

объектілердің қызметін тоқтата тұру;

күзет қызметін тоқтата тұру.

2-параграф. Объектіге ықтимал қауіпсіздік қатерлері туралы, терроризм актілерін жасау туралы уәкілетті органдарды хабардар етудің тәртібі мен мазмұны

82. Террористік тұрғыдан осал объектіні, кепілге алынғандарды басып алуға байланысты террористік актілерді дайындау мен жасаудың барлық фактілері туралы, сондай-ақ террористік тұрғыдан осал объектінің немесе оның персоналының қауіпсіздігіне қатер төндіретін өзге де ақпарат алу кезінде (объектінің аумағында немесе жақын жерде жарылғыш немесе тұтандырғыш құрылғыларды, басқа да зорлық-зомбылық құралдарын пайдалану), объектінің лауазымды тұлғалары/кезекші қызметі, террористік тұрғыдан осал немесе күзет қызметі субъектісіне осы Нұсқаулыққа № 3 қосымшаға сәйкес террористік тұрғыдан осал объектінің орналасқан жері бойынша уәкілетті органдардың кезекші қызметтері ақпараттың түсуіне қарай хабарлауға тиіс.

83. Күзет қызметі субъектісінің басшылары, объектінің корпоративтік қауіпсіздік қызметінің басшылары терроризм қаупі туралы хабарлама ала отырып, объектінің басшылығының өкімдерімен айқындалған:

1) өткізу және объектішілік режимдерді күшейту, қажет болған жағдайда - объектінің аумағына кіретін және одан шығатын объект персоналын, келушілерді, автокөлікті жеке қарап-тексеруді жүргізу;

2) объектінің күзет бөлімшелерінің жеке құрамына қырағылықты арттыру, террористерді және (немесе) олардың сыбайластарын анықтау және ұстау мүмкіндігі тұрғысынан қосымша нұсқама жүргізу бойынша шараларды қабылдайды.

5-тарау. Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспортын әзірлеуге және онымен жұмыс істеуге қойылатын талаптар

1-параграф. Террористік тұрғыдан осал объектінің паспортын әзірлеу тәртібі

84. Объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/ке (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) бірлескен бұйрығымен бекітілген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес электрондық нұсқаны бір мезгілде әзірлей отырып, екі данада жасалады.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің м.а. 19.09.2023 № 346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Паспорт брошюра, жұмсақ немесе қатты мұқабалы кітап және пластикалық мөлдір мұқаба түрінде жасалынады. Паспортқа қосымшалар паспортпен бірдей түрде жасалынады, бірақ көп болған жағдайда оларды бөлек қалтаға (байланыстырғышқа) тігіледі.

86. Паспорт және барлық қосымшалар А4 және одан үлкен форматта болуы тиіс.

87. Паспорт екі қағаз және екі электрондық данада жасалады.

88. Паспорт және оған қосымшалар "Қызмет бабында пайдалану үшін" құжаттар болып табылады. Ұйымның басшысы немесе объектінің терроризмге қарсы қорғалуына жауапты адам паспортты әзірлеуге, оны келісуге, сақтауға, жаңартуға және паспортқа байланысты басқа да қажетті функцияларға жауапты адамдарды бұйрықпен тағайындайды.

89. Паспорттың жобасы объектінің меншік иесі, иесі, басшысы объектіні террористік тұрғыдан осал объектілердің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тізбесіне (бұдан әрі – аумақтық тізбе) енгізу туралы тиісті хабарлама алған сәттен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде жасалады (жекелеген жағдайларда терроризмге қарсы комиссияның шешімі бойынша өзге де объектінің күрделілігін ескере отырып, паспорт жасау мерзімдері 15 күнге ұзартылады).

90. Паспортты әзірлеу мерзімдерін ұзарту қажет болған жағдайда объект басшысы паспортты әзірлеу мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен паспортты әзірлеу мерзімін ұзарту туралы жазбаша түрде уәкілетті органға (паспортты әзірлеу мерзімі аяқталғаннан кешіктірмей) паспорттың мерзімінде орындалмауының себептерін көрсете отырып жүгінуге және паспортты әзірлеуді аяқтаудың жаңа мерзімдерін ұсынады.

91. Аумақтық тізбеге енгізілген объект паспортының жобасы жасалғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде үлгілік паспортта көрсетілген лауазымды адамға келісуге жіберіледі.

92. Паспорттың жобасын келісу мерзімі үлгілік паспортта көрсетілген лауазымды адамға паспорт келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайды.

93. Паспорттың жобасына ескертулер болған жағдайда, ол қайтаруға себеп болған себептерді көрсете отырып, паспорттың жобасын жіберген адамға қайтарылады.

94. Паспорттың жобасы қайтарылған күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пысықталады.

95. Қайта келіп түскен паспорт жобасын келісу мерзімі (бұрын көрсетілген ескертулерді орындау үшін) жеті жұмыс күнінен аспайды.

96. Паспорттың жобасына ескертулерге және паспортты келісетін лауазымды адамның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.

97. Аумақтық тізбеге енгізілген объект паспортының жобасын, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, нұсқаулықта айқындалған лауазымды адам келіседі.

98. Келісілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде паспортты (оның ішінде оны жаңарту кезінде) объектінің құқық иесі болып табылатын ұйымның меншік иесі, иесі немесе ұйымның, бөлімшесінің басшысы бекітеді.

99. Ғимарат, құрылыс (ғимараттар мен құрылыстар кешені) бірнеше құқық иеленушіге тиесілі объектілерді орналастыру үшін пайдаланылған жағдайларда, паспорт жасауды объектілердің құқық иеленушілерінің арасындағы жазбаша келісім бойынша бәрі бірлесіп немесе олардың біреуі жүзеге асырады.

100. Бірлесіп жасалған кезде паспортты террористік тұрғыдан осал объектілердің барлық құқық иеленушілері бекітуге тиіс.

101. Бір құқық иеленуші жасаған кезде паспортты объектінің басқа құқық иеленушілерінің келісімі бойынша объектінің басшысы бекітеді.

2-параграф. Объектілердің паспорттарын қолдану, есепке алу және сақтау, жедел штабқа беру тәртібі

102. Паспорттың бірінші данасы (түпнұсқасы) қолжетімділік шектеулі құжаттармен жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес террористік тұрғыдан осал объектінің құқық иесі болып табылатын ұйым басшысының бұйрығымен айқындалған жауапты тұлғада немесе террористік тұрғыдан осал объектінің бөлімшесінде сақталады.

103. Паспорттың екінші данасы мен паспорттың электрондық нұсқасы (CD-диск немесе өзге де электрондық жеткізгіш) Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелеріне де жіберіледі.

104. Паспортты сақтау сейфте немесе металл шкафта, мөрленген түрде жүзеге асырылады. Паспорттың объектіде сақталатын орны осы рұқсатты алған адамдардың және жедел кезекші объектінің сақталуы мен оған қолжетімділігі ескеріле отырып айқындалады.

105. Сейф кілттерінің бір данасы жедел кезекші объектіде тубуста немесе конвертте мөрленген түрде сақталады. Қалған кілттер жауапты адамдарда болады.

106. Жедел штабтың сұрау салуы бойынша жауапты тұлға немесе жедел кезекші жедел штаб басшысына немесе уәкілетті тұлғаға паспортты қысқа мерзімде ұсынуға тиіс.

107. Паспорт мынадай жағдайларда түзетуге жатады:

- 1) меншік құқығының өзгеруі;
- 2) объект басшысының ауысуы;
- 3) объект атауының өзгеруі;
- 4) объектінің негізгі мақсатының өзгеруі;
- 5) егер жобаның бастапқы дизайнына өзгерістер енгізілсе, объектінің жалпы ауданы мен периметрі, іргелес аумақта құрылыс салу өзгерген немесе күрделі жөндеу, ғимараттарды (құрылыстар мен құрылысжайларды) және инженерлік жүйелерді реконструкциялау аяқталғаннан кейін;
- 6) объектінің ықтимал қауіпті учаскелерінің өзгеруі;
- 7) объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылатын техникалық құралдарды өзгерту.

108. Паспортты түзету оның өзгеру себебі туындаған сәттен бастап 30 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Паспортқа террористік тұрғыдан осал объектінің құқық иесі болып табылатын ұйым басшысының қолымен куәландырылған өзгерістер енгізіледі. Өзгерістер болған паспорттың элементтері ғана ауыстырылуға жатады. Бір мезгілде террористік тұрғыдан осал объектінің құқық иесі болып табылатын ұйым басшысының

қолы қойылған тиісті өзгерістер туралы ақпарат паспорттың екінші данасына қосу үшін Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарына жіберіледі.

109. Паспорттың мәліметтері шектеулі сипатта болады, олармен жұмыс істеу тәртібі қолжетімділік шектеулі ақпаратқа қойылатын заңнама талаптарымен айқындалады.

110. Паспорт терроризмге қарсы операция, оқу-жаттығулар, жаттығулар мен эксперименттер кезінде қолданылады.

111. Паспорт:

1) бес жылда бір реттен сиретпей;

2) паспорт мәтіні тармақтарының жартысынан астамына түзетулер енгізілген жағдайда толық ауыстырылуға жатады.

3-параграф. Объектілердің паспорттарын жою тәртібі

112. Күші жойылған паспорт тиісті акт жасала отырып, комиссиялық тәртіппен жойылуға тиіс.

113. Акт террористік тұрғыдан осал объектінің құқық иесі болып табылатын ұйымда қалады. Актінің көшірмесі аумақтық ішкі істер бөліміне жіберіледі.

6-тарау. Террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық жабдықтармен жарақтандыруға қойылатын талаптар

1-параграф. Объектілерді инженерлік-техникалық нығайтуға қойылатын жалпы талаптар

114. Мұнай-газ саласындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің инженерлік-техникалық нығаюына қойылатын жалпы талаптар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен бекітетін террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес айқындалады, өзге жағдайларда талаптарды меншік иесі дербес айқындайды.

115. Террористік тұрғыдан осал объектіні пайдалану, құрылысты жобалау, реконструкциялау, жаңғырту, күрделі жөндеу кезінде осы Нұсқаулыққа сәйкес инженерлік-техникалық жарақтандырылуы көзделеді.

116. Ерекшеліктерге байланысты объектілерді жабдықтау үшін мыналар пайдаланылады:

объектінің (аумақтың) периметрін, аймақтары мен жекелеген учаскелерін қоршауға арналған, еркін еңсеруді болдырмайтын және объектінің режимдік жағдайларын қанағаттандыратын инженерлік құралдар мен құрылыстар;

таранға қарсы құрылғылар (бөгеттер), инженерлік бөгеттер және автокөлік қозғалысының жылдамдығын бәсеңдету құрылғылары (гүлзарлар, сәулет, ландшафт элементтері, боллардтар және басқалар);

бақылау-өткізу пункттері;

дабыл берудің мобильді немесе стационарлық құралдары – "Дабыл түймелері") және эвакуациялауды басқару;

- күзеттік дабыл жүйесі мен құралдары;
- жүйе, кіруді бақылау және басқару құралдары (кіруді шектеу);
- телевизиялық күзет жүйелері;
- бейне аналитика жүйесі (бетті тануды, объектілер мен жағдайларды анықтауды қамтамасыз ететін интеллектуалды ақпараттық жүйелер);
- қарап-тексеру жүйелері мен құралдары;
- күзеттік жарықтандыру жүйелері мен құралдары;
- байланыс жүйелері мен құралдары;
- электрмен қоректендіру жүйелері мен құралдары;
- ғимараттардың, сондай-ақ құрылыстар мен үй-жайлардың қабырғаларын, төбелері мен қалқаларын нығайтуға арналған инженерлік құралдар;
- иеліктен шығару жолағы;
- бақылау-із жолақтары, наряд жолдары және күзет жолдары;
- бақылау мұнаралары, бақылау үйшіктері, күзет орындарының қалқандары, күзет бөлімшелері мен олардың қарауылдарын орналастыруға арналған үй-жайлар, оларды алмастыратын сыртқы периметрді бақылаудың жүйелері;
- ескерту және демаркациялық белгілер;
- ғимараттардың терезе және есік ойықтарын қорғау құралдары (оққа төзімді шынылармен, жарылыстан қорғайтын пленкамен, тормен жабдықтау), құрылыстар, үй-жайлар, сондай-ақ құлыптар мен құлыптау құрылғылары;
- техникалық күзет құралдарын басқару пункттері;
- пилотсыз ұшу аппараттарына қарсы іс-қимыл жүйесі;

Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әзірленген өрт қауіпсіздігі жүйесі.

117. Объектінің терроризмге қарсы қорғауын қамтамасыз ету жүйесінің негізгі элементтерінің бірі ретінде инженерлік құралдар мен техникалық күзет құралдарын қамтитын инженерлік-техникалық күзет құралдарының кешені мынадай міндеттерді шешеді:

- объектінің терроризмге қарсы қорғалуы қамтамасыз ету жүйесінде жедел және үздіксіз басқаруды қамтамасыз ету;
- қорғалатын аймақтарға кірудің белгіленген режимін қамтамасыз ету;
- күзетілетін аймақтарға, ғимараттарға, құрылыстарға, үй-жайларға рұқсатсыз кіруге әрекет жасау кезінде бұзушының іс-әрекетіне кедергі жасау;
- автокөлік құралдарының кіруіне/шығуына арналған орындарда күзетілетін аймаққа көлік құралдарының бұзып өтуіне кедергі жасау;
- санкцияланбаған әрекеттерді жасау әрекеттері мен фактілері туралы басқару пункттеріне сигнал беру;

қорғау күштеріне қызметтік міндеттерді орындау үшін қолайлы жағдайлар жасау және бұзушыны ұстау әрекеттерін жеңілдету;

күзетілетін аймақтардың периметрлерін, күзетілетін ғимараттарды, үй-жайларды, құрылыстарды қашықтан бақылау және жағдайды бағалау;

объектінің күзет бөлімшелерінің күштерімен және құралдарымен жедел маневр жасауды қамтамасыз ету;

қорғалатын және бақыланатын аймақтардың шекараларын белгілеу;

объектінің терроризмге қарсы қорғау жүйесі персоналының басқару және іс-қимыл органдары беретін техникалық күзет құралдарынан, өкімдерден және командалардан сигналдарды тіркеу (құжаттау);

басқару пункттерінде, бақылау-өткізу пункттерінде кезекшілік атқару кезінде объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жүйесінің персоналын қорғау және рұқсат етілмеген әрекеттердің жолын кесу және оларды жасауға қатысы бар адамдарды ұстау жөніндегі міндеттерді орындау;

объектіге әкелудің (алып өтудің) және объектіден тыйым салынған заттарды, заттар мен материалдарды алып шығудың (әкетудің) жолын кесу және т.б.

118. Объектілерде қолданылатын техникалық күзет құралдарының кешендерінің құрамында ерекшелігіне қарай мынадай негізгі құрылымдық компоненттер (функционалдық жүйелер) бөлінеді:

күзет және дабыл сигнализациясы (оның ішінде мобильді немесе стационарлық дабыл беру құралдары – "дабыл түймелері");

кіруді бақылау және басқару;

телевизиялық күзет жүйелері;

жедел байланыс және хабардар ету;

ақпаратты қорғау;

электрмен қоректендіру;

жарықтандыру;

хабардар ету;

ұшқышсыз ұшу аппараттарына қарсы іс-қимыл жүйесі.

2-параграф. Техникалық күзет құралдары олардың жұмысының сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс

119. Объектілерді қорғау жүйелерінің тиімділігін арттыру, объектілерде қойылған міндеттерді орындау үшін күзет персоналына қажетті жағдайлар жасау үшін инженерлік құрылыстар, конструкциялар және физикалық кедергілер кіретін инженерлік қорғау құралдары қолданылады.

120. Инженерлік қорғаныс құралдары ретінде:

құрылыс конструкциялары (қабырғалар, едендер, қақпалар, есіктер және тағы басқа);

бақылау-өткізу пункттері;

қоршау (периметрдің негізгі қоршауы, объектінің күзетілетін аймақтарының қоршаулары);

инженерлік бөгеттер (стационарлық және тасымалданатын);

күшейту құралы, технологиялық тесіктер;

таранға қарсы құрылғылар (тұрақты және тасымалданатын, соның ішінде отырғызғыштар, сәулет, ландшафт элементтері, боллардтар және тағы басқа);

басқару пульттерінің операторларын, бақылау-өткізу пункттеріндегі күзетшілерді қорғау құралдары пайдаланады.

121. Террористік тұрғыдан осал объектілер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен бекітетін террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғауын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес инженерлік-техникалық күзет құралдарымен жарактандырылады.

122. Террористік тұрғыдан осал объектілерді күзет телевизиялық жүйелермен және хабардар ету жүйелерімен жарактандыру міндетті түрде жүргізіледі.

123. Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне қосу "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының № 418 Заңы және "Саралану және барабарлық қағидаттарын ескере отырып, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысы негізінде Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

124. Бейнебақылау жүйелеріне қойылатын техникалық талаптар "Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 69-ке бұйрығында көзделген бейнебақылау жүйелерінің төменгі техникалық шарттарына сәйкес келуі қажет.

125. Объектілер күзет және дабыл сигнализациясы, кіруді бақылау және басқару, жарықтандыру, бейнебақылау жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін резервтік электрмен жабдықтау жүйелерімен және құралдарымен жарактандырылады, жарылыс қаупі бар заттардың авариялық шығарылу ықтималдығы бар қауіпті өндірістік объектілерге жатпайды.

126. Күзет және дабыл сигнализациясы, кіруді бақылау және басқару жүйелерінде негізгі желілік қоректендіру болмаған кезде жабдықтың кемінде 2 сағат жұмыс істеуін қамтамасыз ететін аккумуляторлық қолдаумен үздіксіз қоректендіру көздері болуға тиіс.

127. Автономды резервтік электр қоректендіру көздері кіруді бақылау және басқару жүйесінің, телевизиялық бейнебақылау жүйесінің, күзеттік және кезекші жарықтандырудың жұмысын қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) қалалар мен қала үлгісіндегі кенттерде – кемінде 24 сағат;
- 2) ауылдық аудандарда – кемінде 48 сағат;
- 3) жету қиын аудандарда – кемінде 72 сағат.

3-параграф. Объектілер топтарын анықтау (орындалатын міндеттердің ерекшелігі, персонал мен келушілер саны, орналасу орындары, оларға тән қауіптер бойынша біртекті)

128. Орындалатын міндеттердің ерекшелігі, персонал саны, орналасқан жері және оларға тән қауіптер бойынша террористік тұрғыдан осал объектілер мынадай топтарға бөлінеді:

- өндірістік жерүсті объектілері;
- теңізде орналасқан өндірістік объектілер.

4-параграф. Өндірістік объектілерді инженерлік-техникалық жабдықтармен жарақтандыру

1. Қоршаулар, қақпалар мен шарбақ қақпалар

129. Аумағы бар объектілер периметрі бойынша адамдардың еркін өтуіне және көлік құралдарының объектіге және объектіден бақылау-өткізу пунктін айналып өтуіне кедергі келтіретін қоршаумен жабдықталады.

130. Қоршау күрделі құрылыс болып табылады және өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидаларына қайшы келмейтін үлгілік жобалар бойынша салынады.

131. Объектінің периметрі ішіндегі қауіптілігі жоғары аумақтар объектілер иелерінің қалауы бойынша қосымша қоршаумен қоршалады, бұл ретте қосымша қоршау қажет болған жағдайда персоналды эвакуациялауға кедергі келтірмейді.

132. Ұйымдардың объектілері мен үй-жайларының сыртқы қоршауына радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі санитариялық-гигиеналық талаптар, құрылыс нормалары мен қағидалары, еңбекті қорғау қағидалары, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өкімдік, нұсқаулық, әдістемелік құжаттар қолданылады.

133. Объектілердің ерекшеліктерін ескере отырып, оған іргелес құрылыстардың жалпы ансамбліне сәйкес келетін металл конструкциялардан қоршаулар жасауға жол беріледі.

134. Қажет болған жағдайда объектілердің сыртқы қоршауының жоғарғы жиегіне "Егоза", "Қалқан" және тағы басқа типті тосқауыл жүйесінен қосымша "Күнқағар" орнатылады.

135. Сыртқы қоршауда сырттан ашуға болатын есіктердің, қақпалардың, қақпашалардың, сондай-ақ саңылаулардың, сынықтардың және басқа да зақымдардың болуына жол берілмейді.

136. Қойма аумағында және оның айналасындағы тыйым салынған аймақта ағаштар мен бұталар, құрғақ шөптер және басқа да тез тұтанатын заттар жиналады. Қоршауға

оның периметрінің бір бөлігі болып табылатын ғимараттардан басқа жапсаржайлар қосылуына жол берілмейді, бұл ретте ғимараттардың бірінші қабаттарының, сондай-ақ кіреберіс күнқағарлардан, өрт сатыларынан және қорғалмайтын аумаққа шығатын іргелес құрылыстардың шатырларынан қолжетімді кейінгі қабаттардың терезелері инженерлік-техникалық қорғау құралдарымен жабдықталады, олар қажет болған жағдайларда жабу.

137. Ғимаратқа іргелес құрылыстардың жалпы ансамбліне сәйкес келу қажет болған кезде вандалға қарсы арнайы пленкалармен күшейтілген әйнектелген беттерді, сондай-ақ тиісті нормативтік құқықтық актілердің регламентіне сәйкес өзге де техникалық шараларды пайдалануға жол беріледі.

138. Қақпалар объект аумағына автомобиль және теміржол кіреберістерінде орнатылады.

139. Қорғалатын объект аумағының периметрі бойынша негізгі, сондай-ақ эвакуациялық қақпалар орнатылады.

140. Объектілер периметрінің жекелеген учаскелерінде және/немесе қақпаның сыртқы жағынан жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдармен шектесетін объектілерде автокөлік қозғалысының жылдамдығын шектеуге арналған арнайы құрылғылар, таранға қарсы құрылғылар немесе таранға қарсы қақпа жүйесі орнатылады. Қосымша қауіпсіздік құралдарын орнату объектіге қатысты қауіп пен тәуекел деңгейіне сәйкес негізделеді.

141. Құлыптарды негізгі қақпаның құлыптау құрылғылары ретінде пайдаланған кезде гараж түріндегі құлыптарды немесе топсалы құлыптарды пайдаланады.

142. Күзетілетін аумақ жағынан қосалқы немесе авариялық қақпаларды сыртқы жағынан ашуға болмайтын бекітпелерге бекітуге жол беріледі.

143. Қақпа ойыққа, үстеме құлыпқа немесе құлыппен бекітіледі.

144. Қоршауда:

еркін өтуді жоққа шығаратын және объектінің режимдік шарттарын қанағаттандыратын биік және жерге терең орнатылған;

конструкциясы қарапайымы, беріктігі жоғары және ұзақ уақытқа төзімді;

одан өтуді жеңілдететін түйіндер мен конструкциялары болады.

144.1. Қоршауда:

лаздар, сынықтар және басқа да зақымдар;

құлыпталмайтын қақпалар мен шарбақ қақпалар болмайды. Бұл талап өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес құлыпталмайтын, бірақ оларды тек ішінен ашуға мүмкіндік беретін ысырмалармен жабдықталатын эвакуациялық есіктер мен қақпаларға қолданылмайды.

145. Объектілер периметрінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін инженерлік-техникалық конструкциялар мынадай сипаттамаларға сәйкес болуы тиіс:

барлық маусымдар мен тиісті климаттық аймақтардың сыртқы климаттық факторларына төзімділік;

бұл көлік құралдары, құстар мен жануарлардың әсерінен болатын өндірістік кедергілер мен кедергілерден қорғау.

Қақпаның дизайны оларды жабық күйде бекітуді қамтамасыз етіледі. Электр жетегімен және қашықтан басқарумен жарактандырылған қақпалар авариялық тоқтату және электр қуаты істен шыққан немесе ажыратылған жағдайда қолмен ашу құрылғыларымен жабдықталады. Қақпа еркін ашылуын (қозғалысын) болдырмау үшін шектегіштермен немесе тығындармен жабдықталуы тиіс.

2. Бақылау-өткізу пункті

146. Өткізу режимі орнатылған объект адамдардың өтуі және көліктің өтуі үшін бақылау-өткізу пунктімен жабдықталады.

147. Бақылау-өткізу пунктінде автокөлікті қарау арау алаңдарында немесе эстакадаларда көзбен шолып қарауға арналған арнайы құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

148. Бақылау-өткізу пункттерінің саны адамдар мен көлік құралдарын қажетті өткізу қабілетін қамтамасыз етуді ескере отырып айқындалады.

149. Жаяу жүргіншілер бақылау-өткізу пункттері мен автокөлік бақылау-өткізу пункттерінің орналасуы объектінің жергілікті жерінің ерекшеліктеріне байланысты айқындалады және қашықтық кірме жолдардың орналасуына және объектінің ахуалдық жоспарына байланысты реттеледі.

150. Біріктірілген жаяу жүргіншілер және көліктік бақылау-өткізу пункттерін пайдалануға жол беріледі.

151. Автомобиль және теміржол көлігінің өтуіне арналған бақылау-өткізу пунктін бірге жасауға жол беріледі.

152. Бақылау-өткізу пункттері ғимараттарының (үй-жайларының) сыртқы қоршау конструкциялары (қабырғалары мен жабындары) құқыққа қайшы сипаттағы әрекеттерді қоса алғанда, сыртқы әсерлерге төзімді болуға және жақсы көрінуге тиіс.

153. Персонал мен автокөліктің өтуіне арналған бақылау-өткізу пункті кіруді бақылау және басқару жүйелерімен жарактандырылады.

154. Көліктік бақылау-өткізу пункттері автокөлік құралдарының өтуін бақылаудың механикалық немесе автоматты құралдарымен жабдықталады.

155. Ашу, өту (өту) механизмдерін, жарықтандыруды және стационарлық тексеру құралдарын басқару құрылғылары болған кезде бақылау-өткізу пунктінің үй-жайында немесе оның сыртқы қабырғасында күзетілетін аумақ жағынан орналастырылуға тиіс.

156. Бақылау-өткізу пункттері қажеттілікке немесе қызметтік қажеттілікке байланысты металдардың әртүрлі түрлерін тануға қабілетті тексеру жүргізуге арналған стационарлық немесе қол құралдарымен жабдықталады.

157. Объектінің ерекшеліктеріне байланысты бақылау-өткізу пункттері қажет болған жағдайда:

рұқсаттамаларды сақтауға және ресімдеуге арналған үй-жаймен;

персоналдың және объектілерге келушілердің жеке заттарын сақтау камерасымен;

заттар мен құжаттарды тексеруге арналған бақылау-өткізу пункттері үй-жайының бөлмесі немесе бөлігімен;

күзет қызметкерлері мен техникалық құралдарды орналастыруға арналған үй-жаймен жарықтандырылады.

158. Бақылау-өткізу пунктінің үй-жайы объект иесінің қалауы бойынша дабыл сигнализациясымен жабдықталуы мүмкін және бақылау-өткізу пунктінде күзет бейнебақылау жүйесі болмаған және жедел қауіпсіздік орталығымен екі жақты байланыс болмаған кезде міндетті болып табылады.

3. Телевизиялық күзет және жарықтандыру жүйесі

159. Объектідегі және (немесе) оның ықтимал қауіпті учаскелеріндегі ахуалға бақылау жүргізу, сондай-ақ жағдайды бағалау және бұзушыларды сәйкестендіру үшін санкциясыз ену фактісін көзбен шолып растау мақсатында телевизиялық күзет жүйелерімен жабдықталады.

160. Телевизиялық күзет жүйесімен:

объектіде орнатылған камералардан периметрді көру мүмкіндігі болмаған кезде аумақтың периметрі;

бақылау-өткізу пункттері;

негізгі және қосалқы кірістер;

объект меншік иесінің қалауы бойынша немесе объектінің Қауіпсіздік Қызметінің ұсынымы бойынша басқа үй-жайлар жабдықталады.

161. Кіреберістер жақын орналасқан жағдайда бір камераны бірнеше есікке орнатуға рұқсат етіледі.

162. Тәуліктің қараңғы уақытында қорғалатын аймақ телевизиялық камералардың сезімталдығынан төмен жарықтандырылған кезде объект (объект аймағы) жеткіліксіз жарық жағдайында жарықтандыруды қамтамасыз ететін құралдармен жабдықталады. Жарықтандыру аймақтары телевизиялық камералардың көру аймағына сәйкес келеді.

163. Қорғалатын объект аумағының, ғимаратының периметрі жарықтандыру жүйесімен жабдықталады. Жарықтандыру аумақты қоршаудың, ғимараттың периметрінің көрінуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс. Жарықтандыру заңсыз әрекеттерді көруге мүмкіндік береді.

164. Объектінің периметрі бойынша және аумақтағы жарықтандыру желісі, егер қажетті жарық жағдайлары орындалса, сыртқы жарықтандыру желісімен біріктірілуі мүмкін.

165. Егер объектілерде оның белгілі бір учаскелерінде бұзушыларды анықтауға мүмкіндік беретін периметрді қорғау жүйелері болса, онда бірдей рөл атқаратын периметрді жарықтандырудың жеке жүйесі қажет емес.

166. Телевизиялық күзет жүйесі:

күзетілетін аймақтардың, үй-жайлардың, периметрдің және объектінің аумағының жай-күйі туралы визуалды ақпаратты күзет бөлімшесінің арнайы бөлінген үй-жайындағы жергілікті бақылау пунктінің не автоматтандырылған режимдегі орталықтандырылған күзет пунктінің мониторларына беруді;

оқиғаларды кейінгі талдау үшін бейне ақпаратты архивтеуді;

соңғы 30 тәулікте бейнежазба мұрағатының қолжетімділігін қамтамасыз етуді;

бейне-оқиғаларды автоматты режимде немесе оператор командасы бойынша құжаттауды;

бұрын жазылған ақпаратты жаңғыртуды;

уақытты, күнді және телекамера идентификаторын орнату арқылы бейнежазбаға жедел кіруді қамтамасыз етеді.

167. Объектінің аумағын немесе периметрін бақылауға арналған бейнекамералар климаттық аймаққа сәйкес сыртқы қондырғылар үшін климаттық факторлардың әсер ету жағдайында жұмыс істеуі не климаттық факторлардың әсер етуі кезінде жұмыс істеу қабілетін қамтамасыз ететін герметикалық термоқаптарда орналастырылуы тиіс.

4. Кіруді бақылау және басқару жүйесі

168. Кіруді бақылау және басқару жүйесімен жабдықтау қажет:

объектінің негізгі және қызметтік кіреберістері. Қызметтік кірістерді пайдалану жиілігіне және объектінің/ғимараттың маңыздылығына байланысты қызметтік кірулер арқылы кіруді бақылау және басқару жүйесі арқылы да, қызметтік кірістерді пайдалану аудитін жүргізуге мүмкіндік беретін балама жүйелер арқылы да бақылауға болады;

қауіпті қызметтік үй-жайларға есіктер;

күзет бөлімшелерінің бақылау-өткізу пункті ғимараттарының басты және қызметтік есіктері, бұл ретте, егер бақылау-өткізу пункттері 24/7 режимінде пайдаланылса және онда өзінің тікелей міндеттерін орындайтын күзет қызметкерлері тұрақты болса, онда бақылау-өткізу пунктінің үй-жайына кіруді бақылау және басқару жүйесімен жабдықтау талап етілмейді;

орталықтандырылған бақылау пульті үй-жайларының басты және қызметтік есіктері;

басшылықтың немесе объект иесінің қалауы бойынша басқа ғимараттар мен үй-жайлар.

169. Кіруді бақылау және басқару жүйесінің оқығыштары мынадай функцияларды орындауы тиіс:

сәйкестендіру белгісін сәйкестендіргіштерден оқу;

енгізілген сәйкестендіру белгісін жадта немесе басқару құрылғысының дерекқорында сақталғанмен салыстыру;

пайдаланушыны сәйкестендіру кезінде тосқауыл құрылғысын ашуға сигнал калыптастыру;

басқару құрылғысымен ақпарат алмасу.

170. Басқару құрылғылары мынадай функцияларды орындауы тиіс:

оқығыштардан ақпаратты қабылдау, оны өңдеу, берілген түрде көрсету және тосқауыл құрылғыларын басқару сигналдарын әзірлеу;

кіру сипаттамаларын (кодты, кіру уақыт аралығын, кіру деңгейін және басқаларын) көрсету мүмкіндігімен объект қызметкерлерінің дерекқорларын енгізу;

кіру нүктелері арқылы қызметкерлердің өтуін тіркеудің электрондық журналын жүргізу;

кіру нүктелеріндегі мазасыз жағдайлар туралы ақпаратты басымдықпен шығару;

тосқауыл құрылғыларының, оқығыштар мен байланыс желілерінің жай-күйінің дұрыстығын бақылау

171. Кіруді бақылау және басқару жүйесі сәйкестендіру белгілерін іріктеу немесе іріктеу жолымен айла-шарғыдан қорғалуы тиіс, ал құрамдас бөліктердегі конструкциясы, сыртқы түрі және жазулары қолданылатын кодтардың ашылуына әкеп соқпауы тиіс.

5. Күзет дабылы

172. Орталықтандырылған қауіпсіздік пульті операторының басып кіруі туралы хабарлау мүмкіндігі болған кезде күзет теледидары жүйесін күзет дабылы ретінде пайдалануға жол беріледі.

173. Негізделген жағдайларда объектінің жекелеген конструктивтік элементтерін және осал жерлерді қорғау үшін оларда күзет және дабыл сигнализациясы жүйелерінің ұқсас функцияларын орындайтын құрылғылар болған кезде кіруді немесе күзет теледидарын бақылау және басқару жүйелерін ғана пайдалануға жол беріледі

174. Объектінің қауіпсіздігін арттыру үшін күзет дабылы жүйесінің құрылымы мыналарға сүйене отырып айқындалады:

осы объектінің жұмыс режимі;

ғимараттар ішіндегі үй-жайлардың орналасу ерекшеліктері;

қорғалатын аймақтар саны.

175. Күзет дабылы жүйесі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің мемлекеттік тізілімінде аккредиттелген және тіркелген сертификаттау жөніндегі органдарда, сынақ зертханаларында (орталықтарында) сертификаттаудан өтеді.

176. Күзеттің әрбір шекарасынан дабыл хабарламалары орталықтандырылған бақылау пультіне немесе объектінің ішкі күзет пультіне шығарылады.

6. Жедел байланыс және хабарлау жүйесі

177. Объектілер күзет бөлімшелерінің күштері мен құралдарын басқару үшін ақпарат алмасу мақсатында жедел байланыс жүйелерімен және құралдарымен жарақтандырылады.

178. Объектілер персоналды және объектіге келушілерді штаттан тыс жағдайдың туындауы (терроризм актісін жасау немесе жасау қаупі және туындаған салдарлар туралы) туралы жедел хабардар ету және олардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында хабарлау жүйелерімен және құралдарымен жарақтандырылады.

179. Объектінің персоналы мен келушілерін хабардар ету техникалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылады, олар мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

1) ғимараттарға, үй-жайларға, адамдар тұрақты немесе уақытша болатын объект аумағының учаскелеріне дыбыстық және (немесе) жарық сигналдарын беруді;

2) қауіптілік сипаты, эвакуациялау қажеттілігі мен жолдары, персонал мен объектіге келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да іс-қимылдар туралы сөйлеу ақпаратын таратуды;

3) жедел байланыс құралдарының көмегімен сөйлеу ақпаратын таратуға жол беріледі

180. Хабарлау дабылын жеткізу "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі 188-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңының нормаларына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

181. Хабарлау жүйелерінің коммуникацияларын объектінің радиотрансляциялық желісімен біріктірілген жобалауға жол беріледі

182. Өндірістік объектілердегі инженерлік-техникалық жабдықтың негізгі сипаттамалары.

7. Есік конструкциялары

183. Объектілердің кіреберіс есіктері жарамды, есіктің жақтауына жақсы сай болуы және объектінің үй-жайларын қорғауды қамтамасыз етуі тиіс.

184. Сыртқы есіктер мүмкіндігінше сыртқа ашылуы тиіс.

185. Қосжарнақты есіктер есіктің үстіңгі және астыңғы жағына орнатылатын бекіткіш ысырмалармен (шпингалеттермен) жабдықталуы тиіс.

186. Қауіптілігі жоғары ғимаратқа бөгде адамдардың еркін кіруі бар орталық және қосалқы кіреберістердің есік ойықтары (тамбурлары), олардың жанында күзет бекеттері болмаған кезде қосымша құлыпталатын есікпен жабдықталуы тиіс.

187. Қосымша есіктерді орнату мүмкін болмаған жағдайда, кілттерді таңдау немесе есікті бұзу әрекеті кезінде дабыл қағатын хабарламаны беретін ерте анықтау күзетінің техникалық құралдарымен кіреберіс есіктерді бұғаттау қажет.

188. Объектілердің тәулік бойы жұмыс режимі болған белгілі бір жағдайларда есіктер құлыпталмайды және егер объект күзетілетін учаскенің ішінде орналасса, техникалық күзет құралдарын пайдалану міндетті емес.

8. Терезе конструкциялары

189. Күзетілетін объектінің барлық үй-жайларындағы терезе конструкциялары (терезелер, желдеткіштер, фрамугалар) шынылануы, сенімді және жарамды құлыптау құрылғылары болуы тиіс.

190. Терезе конструкцияларын металл торлармен жабдықтау қажеттілігі бойынша шешімді объектінің меншік иесі объектінің қауіпсіздік қызметінің консультациясы кезінде, қатерді, осалдықты, тартымдылықты және қатерді іске асыру кезіндегі салдарларды ескере отырып алынған тәуекелдерді бағалау негізінде қабылдайды.

191. Терезе конструкцияларын металл торлармен жабдықтау кезінде оларды бөлменің ішкі жағынан немесе ашылатын конструкциясы болуы тиіс рамалар арасында орнату тиіс.

192. Торлар терезенің ашылуын сенімді қорғауды да, төтенше жағдайларда адамдарды үй-жайдан тез эвакуациялауды да қамтамасыз етуі тиіс.

193. Барлық сыныптардың қорғаныш әйнектерін орнатқан кезде – торлар, жапқыштар, жалюзи және тағы басқа – терезелерге күштік элементтерді орнату міндетті емес.

9. Жедел байланыс және хабардар ету жүйесі

194. Жедел байланыс жүйесі мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

1) жедел байланыс жүйелері үшін белгіленген тәртіппен бөлінген жиіліктер диапазонындағы жұмысты;

2) күзет пунктіндегі кезекші мен қызмет көрсету аумағындағы күзет нарядтары арасындағы екіжақты радиобайланысты;

3) қызмет көрсету аумағы шегінде күзет нарядтары арасындағы екіжақты радиобайланысты;

4) қорғалатын объектілерде және іргелес аумақта белгіленген байланысты қамтамасыз ету үшін жеткілікті сыйымдылық пен қызмет көрсету аймағын;

5) берілетін ақпаратты қорғауды.

195. Объектіде хабарлау жоспары жасалуы тиіс, оған мыналар кіреді:

лауазымдық міндеттері штаттан тыс жағдайлардың салдарын болдырмау немесе жою жөніндегі іс-шараларға қатысу көзделген қызметкерлерді шақыру схемасын әзірлеу;

штаттан тыс жағдайларда қызметкерлердің әрекеттерін реттейтін нұсқаулық;

эвакуациялау жоспарлары;

хабарлау дабыл жүйесі.

196. Хабарлағыштардың саны және олардың қуаты адамдарүнемі немесе уақытша болатын барлық жерлерде қажетті естілуді қамтамасыз етуі тиіс.

197. Теңіз объектілеріндегі (аралдардағы) инженерлік-техникалық нығайтудың, қауіпсіздік режимінің ерекше ерекшеліктері.

10. Өткізу режимі

198. Өткізу режимі стационарлық бекеттерді, бақылау-өткізу пункттерін және көлік құралдарын механикалық немесе автоматты бақылау құралдарын орнату қажеттілігін көздемейді.

1) кіруді бақылау кемелерді арқандап байлау орындарында, айлақтарда жүзеге асырылады

2) кіруді бақылау арнайы жабдықталған терминалдарда, әуе көлігінің қону аудандарында жүзеге асырылады

3) объектіде жұмыс істейтін кемелер белгіленген үлгідегі көлік рұқсаттамаларымен қамтамасыз етіледі.

4) объект жақындап келе жатқан кемелерді, кез келген үлгідегі және көлемдегі қайықтарды ерте анықтау және уақтылы ден қою үшін арнайы стационарлық жабдықтармен жабдықталады.

11. Объектінің периметрі

199. Теңіз табиғи тосқауыл болып табылады, онда орнату, енгізу қажеттілігі қарастырылмаған:

- 1) инженерлік қоршау құрылыстары, қоршаулар және тағы басқа;
- 2) жылдамдықты бәсеңдету құрылғылары (таранға қарсы және тағы басқа);
- 3) күзет дабылы (объектідегі ғимараттар мен құрылыстарды қоса алғанда);
- 4) иеліктен шығару жолақтары, бақылау-із жолақтары, нарядтар жолдары және тағы басқа;
- 5) бақылау мұнаралары, бақылау кабиналары, күзету шатырларын;
- 6) қарау алаңдары немесе эстакадалар.

12. Кіруді бақылау және басқарудың электрондық жүйесі

200. Техногендік сипаттағы авариялық жағдайлар кезінде персоналды эвакуациялаудың негізгі жолдары болып табылатын объектінің ғимараттарына және/немесе тұрғын блоктарына кіру кезінде кіруді бақылау мен басқарудың электрондық жүйесі және тиісті қоршау конструкциялары орнату үшін талап етілмейді.

13. Объектінің физикалық күзет персоналы

201. Күзет ұйымы қызметкерлерінің саны келіп түскен адамдарға, багажға және жүктерге, сондай-ақ объектінің периметрін күзетуге үздіксіз бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге тиіс. Күзет ұйымы қызметкерлерінің санын одан әрі ұлғайту, сол жерде әрекет ету топтарының болуы объектінің меншік иесінің қалауы бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
қарамағындағы террористік
тұрғыдан осал мұнай-газ саласы
объектілерінің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

Сабақ тақырыптарының нұсқалары

1. Террористік сипаттағы қатер төнген кезде алғашқы ден қою шаралары.
2. Жарылғыш құрылғыға ұқсас күдікті затты анықтаудағы әрекеттер.
3. Қауіп жазбаша нысанда түскен кездегі іс-әрекеттер.
4. Кепілге алу кезіндегі әрекеттер. Басып алу объектісіне айналған адамдардың (кепілге алынған адамдардың) іс-әрекеттері.
5. Террористік актілерге жол бермеу мақсатында объект персоналының қырағылығын күшейту жөніндегі шаралар.
6. Тиісті өткізу және объектішілік режимді қамтамасыз ету тәртібі. Тексеру жабдықтары мен металл детекторларын пайдалану әдістемесі.
7. Магистральдық құбырдың ақауларын анықтау құралы (қауіп-қатерді анықтау құралы) детекторларының іске қосылу сигналы түскен кезде іс-қимыл алгоритмін пысықтау. Облыстардың полиция департаментінің аумақтық ішкі істер бөлімімен, жедел басқару орталығымен өзара іс-қимыл тетігін әзірлеу (мұнай өнімдерін ұрлауға күдікті адамдарды құлақтандыру, бағдарлау, ұстау, қылмыстық әрекеттерді тіркеу және т.б.).
8. Күзетілетін объектіде салынған жарылғыш құрылғы туралы анонимді хабарлама алған кездегі күзет жеке құрамының іс-әрекеттері.
9. Жасалған терроризм актісі нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою.
10. Күзетілетін объектінің стационарлық (айналма) бекетіне шабуылды тойтару, қару мен арнайы құралдарды, қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін қолдану, шұғыл байланыс арналары арқылы ақпарат беру).
11. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы күзет персоналының лауазымдық (функционалдық) міндеттері;
12. Қару және арнайы құралдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары.

Қазақстан Республикасы

Сабақтарды өткізу туралы есептілік нысандары

1. Журнал (тыңдаушының тегі, аты (бар болса әкесінің аты), өткізілген күні, кезеңділігі, қолы)

2. Куәлік немесе сертификат

Нысан

Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын есепке алу журналы.

(титул парағы)

_____ (ұйымның атауы)

Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу-жаттығу іс-шараларын жүргізуді есепке алу № _____ журналы

Журналдың басталу күні" ____ " ____ 20__ ж.

Журналдың аяқталу күні" ____ " ____ 20__ ж.

(ішкі жағы)

1-бөлім. Нұсқамалар

№ р / с	Нұсқама өткізілген күні	Нұсқама берілетін адамның Т.А.Ә (әкесінің аты бар болса) ж ә н е лауазымы	Нұсқама түрі	Нұсқама өткізген адамның Т.А.Ә, (әкесінің аты бар болса) ж ә н е лауазымы	Нұсқама берілетін адамның қолы	Нұсқаманы өткізген адамның қолы
1	2	3	4	5	6	7

2-бөлім. Сабақтар

1. Сабақ өткізілетін күн;

2. Сабақтың тақырыбы;

3. Оқу сұрақтары;

4. Қатысып отырған персоналдардың саны;

5. Сабақты өткізген адамның қолы.

Объектілердің әртүрлі адамдарының террористік сипаттағы ықтимал қауіптерге іс-қимыл алгоритмдері

Сценарий: "Объектіге келушілер мен персоналдарға қарулы шабуыл"

Келушілердің әрекеттері:

Қорғану: ғимараттан байқатпай шығу немесе үй-жайда паналау, есікті бұғаттау, тәртіп сақшыларының келуін күту;

Мүмкіндігінше құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды, күзетшілерді, персоналды, объектінің басшылығын қарулы шабуылдың фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген тәсілмен хабардар етуге міндетті.

Персоналдардың әрекеттері:

Мүмкіндігінше құқық қорғау және / немесе арнаулы мемлекеттік органдарды, күзетті, персоналды, объектінің басшылығын қарулы шабуылдың фактісі мен мән-жайы туралы кез келген тәсілмен хабардар ету;

Мүмкіндігінше келушілерді эвакуациялау;

Қорғану: ғимараттан байқатпай шығу немесе үй-жайда паналау, есікті бұғаттау, тәртіп сақшыларының келуін күту.

Объектіні күзету әрекеттері:

Қарулы қаскүнемді анықтау;

Мүмкіндігінше оның объектідегі адамдардың жаппай болатын жерлеріне қарай жылжуына тосқауыл қою;

Қарулы шабуыл фактісі туралы объектінің басшылығына, құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарға кез келген тәсілмен хабарлау;

Объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау (эвакуация, ішкі кедергілерді бұғаттау және тағы басқа);

Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етіңіз.

Объект басшылығының әрекеттері:

Қарулы шабуыл фактісі мен мән-жайлары туралы құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды дереу хабардар ету;

Объектіде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру (эвакуациялау, ішкі кедергілерді бұғаттау, объектідегі штаттан тыс жағдай туралы хабарлау және тағы басқа);

Терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың келген күштерімен өзара іс-қимыл.

Сценарий: "Кепілге алу"

Келушілердің әрекеттері:

Қорғану: кепілге алынудан аулақ болу, ғимараттан байқатпай шығу немесе үй-жайда паналау, есікті бұғаттау, тәртіп сақшылары келгенге дейін немесе ғимараттан кету үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

